

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№2 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/SKTF9148>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/XLKB2578>

***А. Т. Ташекова**

Торайғыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.
*е-mail: aiko_tarbinovna@mail.ru

БЕКМҰРАТ УАХАТОВТЫҢ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ НАНЫМ–СЕНІМНЕН ТУҒАН ӨЛЕҢДЕР ТАБИҒАТЫ

Аталмыш мақалада фольклорист-ғалым Бекмұрат Уахатовтың халық өлеңдерінің бір түрі – наным-сенім жырлары әдеби-этнографиялық, типологиялық негіздегі ғылыми тұрғыда терең әрі жан-жақты салыстырмалы түрде зерделенген жөніндегі еңбегі туралы мәселе қарастырылады. Ел ауызында халқымыздың құндылықтарының тамаша үлгісі ретінде айтыла бастаған наным-сенімге байланысты халық өлеңдерінің алғашқы шығу кезеңдері, таралуы, түр-түрге бөлінуі туралы ғалым еңбегінің ерекшеліктеріне талдау жасалынады.

Сонымен қатар Бекмұрат Уахатовтың халық өлеңдері функционалдық, тақырыптық, көркемдік ерекшеліктерін өзіндік пайымдауымен, айқындаудағы еңбегіне баға беріледі.

Өзге ұлт халықтарының өлең үлгілерімен жаңаша көзқараспен салыстырылып, типологиялық өзгешеліктері мен ұқсастықтары анықталады, идеялық-көркемдік ерекшеліктері ашылады.

Наным-сенім жырлары – ислам дінінен арғы ескі дәуірлерде туып, біздің заманымызға көп өзгеріспен, көркемдік құбылыспен жеткен фольклорлық поэтикалық дүниелердің бірі. Зерттеушінің наным-сенім сарынындағы жырлардың ең негізгі мотиві, тұрақты тұжырым ұстанымы, халықтық идеясының тақырыптық-жанрлық сипатын анықтаудағы еңбегі зерттеу нысанына алынады.

Мазмұн жағынан жақындығы, жаңа ойлармен сюжеттердің берілу тәсілдері, сыртқы түр формасы, ұйқас түрлері және лингвистикалық құрылым ерекшеліктеріне көңіл бөлінеді.

Халықтың ескілікті ұғым-нанымы бойынша жинақталған халық өлеңдерінің жиналу, категорияларға бөліну, өлең ұйқасының ішкі мағынасына қарай жіктелу табиғаты танылады.

Кілтті сөздер: Бекмұрат Уахатов, халық өлеңдері, наным-сенім жырлары, типология, ауыз әдебиеті, ұйқас, поэтика, жанрлық сипат.

Кіріспе

Тегінде қазақ өлеңдері өзінің ішкі мән-мағынасы жағынан да, жағынан да, сыртқы түр-формасы жағынан да көшпелі дәуірдің көп көріністерін бейнелейді. Өлең ішінде айтылатын әртүрлі әдет-ғұрып, салт-сана, жөн-жосық жоралғылар есте жоқ ескі замандардан: ақсақалдықтан, ру-ру болып күн кешкен дала тіршілігінен туған. Қолда бар қыруар дүниенің бәрін бірақ дәуірдің жемісі деу қателік болар еді. Әр дәуір әртүрлі күй-қалпымен, күнделікті өмір-тіршілігімен өзгешеленіп, өзгеріп отырса, өлең де сондай жай кешіп, өзгеріп, өңделіп отырған [2, 26-б.]. Бірақ ауыз әдебиеті – жазба әдебиет емес. Оның қай жылы, қашан шыққандығын тап басып, дәл көрсетіп беру мүмкін емес. Кейбір тарихи болған оқиғалардың сілемін суреттеген бірлі-жарым өлеңдер болмаса, махаббат тақырыбына арналған лирикалық өлеңдер мен халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігін танытатын салт жырларының шығу дәуірін анықтау тіптен қиын. Сондықтан революцияға дейінгі әдебиет нұсқаларын дәуірге бөліп тексеруден гөрі өлеңнің жанрлық-тақырыптық сипатын негізгі принцип етіп алып зерттеу әлде қайда тиімді секілді. Осы ретте фольклор жауһарларын жинақтап, оның көркемдік табиғатын танытуда ерекше еңбек еткен фольклорист-ғалым – Бекмұрат Уахатов.

Бекмұрат Уахатов қазақ өлеңдерін тексеру, зерттеу ісі тек жанрлық-тақырыптың принцип тұрғысынан келгенде ғана дұрыс болатынын ерекше көрсетіп, зерттеу нысанын дұрыс қойған ғалымдардың бірегейі. Ауызша туып, кең тараған сөз өнерінің бар түрін бірдей терең түсініп, тануға ғылымдар негіз болған бұл пікір қазақтың халық өлеңдерін зерттеу үшін де маңызы зор. Демек, қазақтың халық өлеңдерін талдап, оның жанрлық, функционалдық ерекшеліктерін ашу, сөйтіп, тұтас бір жанрдың жалпы даму тенденциясын, есею, кемелдену сатыларын айқындап, нақтылау ісі де – қазақ фольклористикасының алдында тұрған аса күрделі проблема. Әрине, қазақ өлеңдерінің жанрлық сипатын ашып, оның туу, даму эволюциясын анықтау – ауыр да абыройлы міндет [4, 258-б.]. Ол үшін көптеген тарихи, әдеби және этнографиялық, археологиялық материалдарға сүйену керек. Зерттеу әр халықтың бағзы замандардан бері келе жатқан әдет-ғұрпына, дағды-дәстүріне негізделуі қажет.

Материалдар мен әдістер

Мақаланың материалы ретінде халық ауыз әдебиеті туралы зерттеулер алынып, зерттеу мәселесі бойынша ғылыми еңбектерді сұрыптау, талдау, тарихи–салыстырмалы, мәтіндік талдау, типологиялық жүйелеу әдіс–тәсілдері қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Қазақ халқының тұрмыс–тіршілігі, шаруашылығы қай дәуірлерде де біркелкі, бірқалыпты болған. Осындай күй кешкен қазақ халқы бір жыл, я бір ғасыр түгіл, бірнеше дәуірлер бойына рушылдық көшпелі қалыптан айнымаған. Демек, қазақ өлеңдерінің арғы шығу тегін – ескі замандардан іздеу керек. Бұл ретте профессор П. Г. Богатыревтың «Қай халықтың да болса көптеген фольклорлық жанрларының тууын өте ертедегі көне дәуірлермен, тіпті тайпалардың тұтасып, өмір сүре бастау тарихынан да арғы кезеңдермен байланыстыру жөн», – деген сөзінің жаны бар [3, 9-б.]. Сол секілді академик М. Әуезов те: «Рас, біз елдің тарихын ылғи бағырлар ертегісінен құрап тізбейміз, бірақ, ел аузының ескілікті тарихқа қаншалық жәрдемші болатыны кімге де болса да белгілі, – дей келіп, – бұрынғы түрік тілдеріндегі ескі сөздерді қарастырған Европа ғалымдарының қазақ елінде ескі заманның сарқыны мен белгілері көп болуға керек деген тұспалдары батырлар әңгімесі сияқты қазақтың ескі жыр, ескі өлеңдерінен аныққа шығып айқындалғандай болады», – деп жазды [1, 120-121-бб.].

Тарихи қоғамдық жағдайға байланысты сол кездегі қазақ өлеңдерінің объектісі де өзгереді. Оның мән-мағынасы – отбасы өмірі, сол отбасының бүтіндігі мен бірлігі. Бұл бара-бара әрбір отбасының әдет-ғұрпына, жорая-жосынына айналады. Соның негізінде әркім өзінің жеке қара басынан гөрі отбасы, ошақ қасы мұратын жоғары қоюға, ақсақалдық әдет-ғұрыптың ереже-шарттарын екі етпеуге тырысады. Бесікте жатқан балаларды айттырып, көрмей, білмей қалыңмал беріп, құдалық құрады. Болмаса ері өлген әйелді әменгерлік заңына көндіріп, патриархалдық-ақсақалдық тәртіпке мойын ұсындырады. Демек тұрмыс-салт жырларын, соның ішінде, үйлену салтына орай орындалатын өлеңдерді отбасының шығуымен байланысты туған көркемдік құбылыстың ақиқат бір көрінісі деп қараған жөн. Қазақтың халық өлеңдерінің шығу тегі мұнымен шектеліп қалмауға тиісті. Себебі ескілікті замандағы шамандық дәуірінен қалған өлеңдер мен қазақтың бертінгі дәуірдегі тұрмысынан туған өлеңдерді бірдей деп айтуға болмайды. Өлең формасы мен мазмұнындағы айырманы былай қойғанда оның туып, таралу тарихының өзінде де ашылмай жатқан көп құпия сырлар бар. Ал қазақтың қара өлеңдері мен ән-өлеңдерінің арасындағы заңдылықтарды зерттеудің де жайы осындай. Бұлардың да бір-біріне ұқсамайтын, бірақ бірінен-бірі туындап, жалғасып жататын сыр-сипаттары мол.

Осы тұрғыда Б.Уахатов осындай күрделі де қиын проблеманы халық өлеңдерінің поэтикалық формасын зерттеу арқылы да шешуге болатын секілді деп айта келіп, ойын былай топшылайды: «Поэтикалық форма – көркемдік ойдың дамуындағы белгілі бір кезеңнің көрінісі ретінде туған тарихи категория. Заман өзгерген сайын өлеңнің ішкі мазмұны сияқты, оның сыртқы түр, формасы да үнемі өзгеріп, түлеп отырған. [5, 72-б.].

Ғалым пікірінің дәлелі ретінде стильдік категорияның бір түрі метафораны алалық. Лирикалық өлеңдерге жүргізілген салыстыруларға қарағанда метафораның арғы негізі миф болса керек деген жорамал бар. Халық өлеңдеріндегі миф – адам санасының әлі де кемелденіп болмаған кезінде туған стильдік тәсіл. Бұл дәуірде адам өзінің әртүрлі жанды-жансыз нәрсенің кейпіне кіріп, өзгеріп кететіндігіне кәміл сенген де соны мифтік дәуірдегі өлеңнің мазмұны еткен [8]. Әрине, қазақ өлеңдерін дер кезінде хатқа түсіріп, жазып алалмағандықтан, оның ең ескі көне үлгілері біздің заманымызға жетпей, ұмытылып қалды. Әсіресе таза мифологиялық мағынадағы өлеңдердің ұлғайған түрін табу, тіптен, мүмкін емес. Оған қарағанда ертегі мен эпостық жырлардың көне түрлері көбірек те және сол шығармаларда мифтік мотивтер, сюжеттер ерекше мол сақталған. Дегенмен, ара-тұра болса да кейде қазақ өлеңдерінен сол ескілікті мифтік сарындардың ұшырасып қалатынын байқаймыз. Бұл әсіресе ескілікті бақсылық жырларынан, арбау, байлау сияқты ерте дәуір өлеңдерінен кезігеді. Мысалы, Сәкен Сейфуллин жинаған бақсы жырларының бірінде:

Батырым, алып келіпсің,
Жетпіс те батпан темірді,

Жалғыз өзің жамылып,
Балалы қаздай ыңранып,
Бәйтеректей бұралып,

– дей келіп, іле-шала: Батыр, терек, сен сөйле, – дейді [5, 159-160-бб.].

Сөйтіп, батыр орнына бәйтеректі алады да оған «сен сөйле» деп, жан бітіріп, бәйтеректі сөйлетіп қояды. Міне, бұл ескі, көне дәуірдегі мифтік бейненің ғасырдан ғасырға өтіп, біздің заманымызға үзіп-талып жеткен ұштығы ғана.

Сондай-ақ қазақтың қара өлеңінде ұшырасатын:

Әуеде ұшып жүрген дуадақ-ай,
Даусыңды есте алмадым қиядағы-ай.
Даусыңды есіткенде қиядағы-ай,

Балапан ұшпап па еді ұядағы-ай, – [9] деген жолдар сол көне мифологиялық мағынадағы өлеңдердің жекелеген жұрнағы екені шүбәсіз.

Қазақ өлеңдеріне қарағанда – орыс фольклоры мұндай мифтік мағынаны білдіретін өлеңдерге бай. Тіпті, жекелеген жолдар мен шумақтарды былай қойғанда, тұтас бір өлеңге арқау болған мифтік сюжеттер бар. Соның бір

тамаша үлгісі ретінде орыс әйелінің тағдырына арналған мына бір өлеңнен үзінді келтірілік.

Люта свекра – молодой снохе:
«Ты поди, моя невестка, во чисто поле;
Ты стань, моя невестка, меж трех дорог,
Четырех сторон,
Ты рябиною кудрявою...
Туда же ехал добрый молодец;
Он стал под рябинушку,
Без ветру рябина зашаталася,
Без вихря рябина к земле клонится,
За черные кудри ловится.

Бұдан соң жас жігіт қынабынан қылышын суырып алып жайқалған ару қайыңды кескілей бастайды.

Он раз вдарил, она охнула,
Другой вдарил, она молвила:
«Не рябинушку секешь,
Секешь свою молодую жену!
А что веточки – то наши деточки?» [6] .

Бұл үзіндідегі «ты стань, моя невестка, рябиною кудрявою», «он раз вдарил, она охнула, другой вдарил, она молвила» деген жолдарды жеке алсақ, таза мифтік бейнелер. Ал, кейінгі кездерде мифтен метафораға ауысуға байланысты сол мифтік бейнелерді адам баласы өз бойына балап, немесе соның мағынасын ауыстырып қолдану әдісін шығарған. Балайтын нәрсе мен балапатын нәрсенің арасына тепе-теңдік белгісін қоятын болған. Мысалы:

Ой, Ардақ, сен ақ қоян шыңнан қашқан,
Артыңда мен ақсұңқар түлеп ұшқан.
Қан қылмай ақ жүніннен бір ілгізші,
Тамаша қарап тұрсын дос пен дұшпан, – деген өлең шумағындағы «сен қоян да, мен сұңқар», бір кездегі мифтік түсініктен туып, келе-келе әдеби-эстетикалық сипатқа ауысқан метафора.

Фольклорист ғалым Б. Уахатов алдыңғы келтірілген үзінділер таза мифология да, соңғысы – метафораға айналған стильдік категория деп танытып, мұнда адам санасының өсіп, дамуына бай-ланысты образдардың да өсіп, дамуы, өзгеруі аңғарылатынын лингвистикалық детальмен дәлелдейді. Ғалым келесі бір фольклорлық зерттеулеріндегі жиналған наным-сенімдерге

байланысты материалдарының бірінде сүйгеніне қосыла алмай құсалы болған қазақ әйелдерінің қайғылы өмірін баяндайтын сыңсу, қоштасу секілді шерлі, мұңлы өлеңдерінде қыз өз әке-шешесін, құрбы-құрдастарын сағынып, туып-өскен ауылына құс болып ұшып баруды аңсайтынын танытады. Қайтсе де қапалы өмірден құтылудың жолын іздейді. Қысқасы, дүниедегі жанды, жансыз нәрсенің бірін сөйлетіп, бірін күлдіріп, бірін жылатып қою тәрізді мифтік сюжеттер тым арғы көне замандардың көрінісі екені талассыз [10].

Ал табиғат дүниесі мен адам дүниесін бір-біріне қарсы қоя суреттеуден тұратын психологиялық параллелизмдерді де осы мифтік тәсілден, метафоралық тәсілге ауысудан туған стильдік категориялардың бірі деп түсінген жөн дегенді айтады. Бұл ойды түйіндесек, табиғат пен адамды бір-біріне қарсы қою тәсілі мифтік шығармаларда болмаған, болуы да мүмкін емес. Адам мен табиғаттың бір-біріне біртіндеп бөліне бастауы – ақыл мен ойдың өсуінің белгісі. Өлеңге келсек, бұл – психологиялық параллелизмдер мен метафоралық тәсілдердің туған дәуірі. Яғни мифтен – метафора, метафорадан – теңеуге ауысу дәуірі. Ғалым пікірін қорытындылап айтқанда, адам баласының ой-санасы, өмір тану дәрежесі өскен сайын көркем тіл, сөз образдары да үнемі өсіп, өзгеріп, бірінен-бірі туындап отырған.

Филология ғылымының докторы, проф. Б. Уахатов өлең ұйқасының алғашқыда қалай туып, қалай қалыптасқандығы туралы айта келіп: «Сөз арасында туған мұндай үндестік, әрине, байқалмай қалған жоқ, тіпті, кейіннен мұның функциялық қызметі біршама анықталған кезде, бұл әртүрлі формада – алғашында жеңіл, кішігірім поэтикалық формада (мақал-мәтел т.б.), ал онан соң өлең-жырларда бекіп, орныға бастады», – дейді [3, 51-б.]. Көне замандардың өзінде түркі тілдес халықтар поэзиясының ұйқасқа құрылғандығын дәлелдейтін материалдар көп-ақ. Ол үшін Махмуд Қашқаридің «Дивани лұғат-ат түрк» атты сөздігінде келтірілген көне түркі поэзиясының үлгілерін алалық, Е. Э. Бертельстің айтуынша, сөздікке «кірген барлық өлең үлгілері дерлік ұйқасқа құрылған» [4, 88-б.]. Сондай-ақ А. Лининнің айтуы бойынша, Шығысты зерттеуші Т. Ковальский ерте замандағы түркі тектес тайпалар мен халықтардың арасында «ұйқасқан поэзияның өзгеше ошағы», – бар деп білген [4, 150-б.].

Ал В. М. Жирмунский мен Х. Т. Зарифов түркі поэзиясындағы ұйқастың тууына ұйтқы болған нәрсе синтаксистік параллель сөздердің үндестігі дейді. «Түркі халық поэзиясындағы ұйқастың тууына негізгі себеп – синтаксистік жағынан қатар, параллель тұрған сөздердің өзара табиғи үндестік табуынан болса керек», – деп жазады олар [7, 438-б.].

Расында да, өлең ә дегенде неше тармақтан тұрды, оның жасалу, жетілу жолы қандай еді? – деген сұраққа жауап іздемеген зерттеуші жоқ. Мысалы, поляк ғалымы Т. Ковальский өлеңнің о бастағы жасалу формасын екі жолға

әкеліп саяды. Ол естілуі, айтылуы жағынан бір-біріне ұқсас сөздердің я сөз тіркестерінің әлденеше рет қайталанып келуі екі жолды өлеңнің шығуына себепші болса, екі жолды өлең келе-келе төрт жолға ауысқан деген жорамал жасайды. Бірақ бұл ретте Бекмұрат Уахатов төрт тармақты өлеңнің бірте-бірте екіге бөлініп кету мүмкіндігін де теріске шығармайды. Ол екі жолдан тұратын өлең шумағын «ырғақты сөздердің ең алғашқы түрі», – деп түсіндіреді. Осылайша Б. Уахатов «Өлең сөздің өсуі біртіндеп» болды [3, 72-б.], ол әуелі екі жолдан басталады, келе-келе бұған үшінші, төртінші жолдар қосылды дейді де, оған түркі халықтарының мақал-мәтелдерін мысал етіп келтіреді.

Біздіңше, сөз мәйегі болған мақал-мәтелдерді – ырғақты сөздердің ең көне, жабайы түрі деу қате. Өйткені мақал-мәтел өмірдегі мейлінше қиын құбылыстардың мәнін дәл ашып көрсететін әрі аз сөзбен көп мағына беретін тәжірибе түйіні. Онда топшылау, түйіндеу, типтендіру басым. Ендеше, мақал-мәтелдерді адам баласының жабайылық дәуірінде туған ең алғашқы тәжірибе еді деуге болмайды. Қайта мақал-мәтел халық тілінің байлығын, көркем суретті шешендігін, шеберлігін көрсететін ауыз әдебиетінің маржаны. Демек, мақал-мәтелдер халық өлеңінің ең алғашқы жабайы үлгілері емес, әр түрлі әңгіме, ертегілердің, шешендік үлкен даулардың, поэтикалық ұзақ термем-толғаулардың әбден қорытылып, екшеліп, сұрыпталып шыққан шырыны, тұз-нәрі тәрізді. Бұл турасында Б. Уахатов: ...әуел бастағы өлең екі жолды болып та, немесе төрт я одан да көп тармақты болып та тарағаны дау тудырмайды. Бірақ ол үшін мақал-мәтелді мысал етудің қисыны жоқ. Оның орнына сонау ерте заманнан ауысқан төрт түлік туралы өлеңдерді, немесе шаман дінімен байланысты туған арбау, байлау секілді жырлар сияқты наным – сенімдер негізінде туған жырлар мен наурыз өлеңдерін атаған жөн. Мұнда халық поэзиясының ең көне үлгісі дерліктей екі жолды өлең де, кейде үш, кейде төрт, кейде одан да көп одан да көп өлең тармақтары кездеседі», – дейді [10].

Бұл ретте ең жабайы өлең түрлеріне малды суға шақыру, малдың төлдеуін атау, малдың төлін емізу секілді өлеңдер жатады. Мысалы, ешкі мен қойдың айтысында:

Ешкі:

Менің жегенім олапаң,

Сенің жегенің опалаң,

Саған келсін топалаң.

Қой:

Менің жегенім ебелек,

Сенің жегенің ебелек,

Саған келсін кебенек [9].

Жалпы түркі тілдес халықтардың, соның ішінде қазақ халқының өлеңдік қорын сөз еткенде оның арғы шығу төркініне барып, тексеру, зерттеу қажет.

Тегінде қазақ өлеңдері қазақ өмірінің, қазақ тілінің рухына сай болуы керек. Халыққа түсінікті, оның жаттап, үйреніп алуына ыңғайлы формада берілген өлең ғана анық халықтық өлең болып есептеледі. Мұндай өлең формалары әбден сіңісті болып, үйреншікті дәстүрге айналады. Осыдан барып арнайы ұлттың заңдылық, принцип туады. Рас, әр өлеңнің бір өзіне ғана тән қасиет-ерекшелігі оның жалпы ұлттық заңдылығына, принципіне қайшы келмеуге тиісті. Халық өлеңдерінде әрбір жол, тармақ ылғи да мағыналық жағынан тұтасып, жымдасып тұрмайды. Қайта мағына, мазмұны әр басқа жолдардың өздері де белгілі бір ұйқасқа бағынып барып, тұтас бір шумақ жасайды. Сондай-ақ батырлық жырларға қарағанда халық өлеңдерінің құрылысы, ырғақ, ұйқас, жолдары көбінше тұрақты болады әрі белгілі бір заңдылыққа бағынып тұрады. Фольклорист-ғалым Б.Уахатов: «Жыр белгілі заңдылықтарды өлеңге қарағанда өте аз сақтайды. Бұл дәуір тілдеріндегі сөздік қор мен ойлау образдылығының байлығы – сол кездегі халық ауыз әдебиетінің өсіп, даму дәрежесімен табиғи байланысты болғаны... тағылық дәуірінің төменгі сатысында жүрген өзінгі тайпалардан да байқалады», – деп жазуының бір себебі де осы болса керек. Шынында да, қалың көпшілік халықтың өз ойын көркемдеп бейнелеу әдісі, яғни көркем өнердің бір түрі фольклор қашан, қай заманнан басталды десек, бұл туралы әлі де болса жаңсақ пікірлер орын алып жүр. Соның ішінде типтендіру, бейнелеу элементтерінің арғы шығу төркіні тек таптық қоғамда ғана пайда болды. Бұлар алғашқы рулық-тайпалық қоғамда туған ауыз әдебиетін көркемөнер, бейнелі ойдың жиынтығы деп тануымызға мүмкіндік береді.

Бұл туралы өте дәлелді де орнықты, дұрыс пікір айтқан көрнекті ғалымымыз Бекмұрат Уахатовтың еңбегі ересен зор. Бекмұрат Уахатов жинаған материалдар сан-сала. Соның ішінде қазақ өлеңдері өз алдына жанр есебінде қаралып, бірнеше топқа бөлінген. Ол мұны өлең, үлгілі өлең, халықтық өлеңдер, бесік жыры, жоқтау, үйлену салтына байланысты туған өлеңдер деп жүйелейді де, бақсы, балгерге, арбауға орай айтылатын өлеңдерді де ол осы топқа қосады. Сонымен қатар ол Рулық құрылыстың дамыған дәуірінің өзінде де фольклор жеткілікті дәрежеде күрделі құбылыс болатын. Таптық қоғамға дейінгі өнер – фольклордың: өлең, миф, ертегі, аңыз-әңгіме, арбау-байлау, жұмбақ, батырлық жырлардың алғашқы түрлері секілді негізгі жанрларын түгелдей дерлік білетін дей отырып, ғалым таптық қоғамға дейінгі алғашқы қауымдық тұрмыс дәрежесінде болған біраз тайпалардың фольклорынан мысалдар келтіреді. Соның ішінде Цейлонның ведда дейтін тайпасында еңбек пен әдет-ғұрыпқа лайықталған би өлеңдерімен қатар, лирикалық, тұрмыстық өлеңдердің болғанын, ал Терістік Американың

ирокез атты тайпаларында жоғарыда аталған өлең түрлерінен өзге арбау, байлау өлеңдерінің, махаббат, әдет-ғұрып, мифтік өлеңдердің, жоктаулардың болғанын айтады.

Бекмұрат Уахатовтың фольклористік қызметінен байқалатын өзіндік бір ерекшелік, ол басқа жинаушылар секілді тек өлеңдер мен әннің мәтінін, не әуенін ғана жазып алуды қанағат етпеген. Ғалым қағаз бетіне түсіріп, хаттап алған өлеңдерінің бәрінің де туу, таралу тарихы бар. Әр өлеңнің әр алуан нұсқасы болса, зерттеуші оны да құр жібермейді. Мұндай өлеңдерді бір-бірімен өзара салыстыра отырып, мазмұн, түр, әуен, ырғағындағы жаңалықтары қандай еді деген сауалға да жауап іздейді.

Қорытынды

Қазақ ауыз әдебиетіндегі наным–сенімдерге байланысты туған халық өлеңдері қазақ халқының өміршең рухани-моральдық құндылықтарымен, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімен кірігіп, дін мен дәстүр бірлігін құрады. Дін мен таным, наным-сенімге негізделген ұлттық қағидаларды халқымыз әрбір мақал-мәтеліне, аңыз-әңгімесіне, жыр-дастанына, ертегісіне, шешендік сөзіне, даналық нақылына, тұрмыс-салт өлеңдеріне сіңіріп, күнделікті тұрмысында басшылыққа алар рухани және имани құндылықтарына айналдырғанын фольклорист-ғалым Бекмұрат Уахатов ғылыми негіздермен нақтылады.

Қазақстанның тарихи контекстілік және мәдени этикалық ерекшелігі қазақ мәдениетінде ислам құндылықтарының кеңінен таралуына оңтайлы әсер етті. Халық өлеңдері арқылы қазақ халқының өміршең рухани-моральдық құндылықтарымен, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімен кірігіп, дін мен дәстүр бірлігін құрады. Ұлы Дала халқы әрбір мақал-мәтеліне, аңыз-әңгімесіне, жыр-дастанына, ертегісіне, шешендік сөзіне, даналық нақылына, тұрмыс-салт, қара өлеңдеріне сіңіріп, күнделікті тұрмысында басшылыққа алар рухани және имани құндылықтарына айналдырды. Бекмұрат Уахатовтың фольклор саласында қалдырған қисапсыз мол қазына әлі де өзінің ғылымдық, тарихтық бағасын жоғалтқан жоқ. Ол алдағы күндерде де үңіле, тереңірек зерттеуді қажет ететіндігі сөзсіз.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Әуезов, М.** Уақыт және әдебиет [Мәтін]. – Алматы : «Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет» баспасы, 1962. – 243-б.

2 **Әуезов, М.** Әдебиет тарихы [Мәтін]. – Алматы : Ана тілі, 1991. – 240-б.

3 **Богатырев, П.** Русское народное поэтическое творчество [Текст]. – М. : Учпедгиз, 1954. – 536 с.

- 4 **Бертельс, Е.** История персидско-таджикской литературы [Текст]. – М. : Издательство восточной литературы, 1960. – 554 с.
- 5 **Сейфуллин, С.** Шығармалар. VI том [Мәтін]. – Алматы, 1964. – 263-б.
- 6 **Соболевский, А.** Великорусские народные песни [Текст]. – Санкт-Петербург, 1895. – 658 с.
- 7 **Жирмунский, В., Зарифов, Х.** Узбекский народный героический эпос [Текст]. – М. : Издательство ОГИЗ, 1947. – 438 с.
- 8 **Уахатов, Б.** Қазақ дәстүрлі халық өлеңдері және оның қазіргі даму жайы [Мәтін] // Қазақтың қазіргі халық поэзиясы. – Алматы, 1973. – 109–121-б.
- 9 **Уахатов, Б.** Орталық ғылыми кітапхана қолжазба қоры [Мәтін] // 144 папка, 8-дәптер
- 10 **Уахатов, Б.** Халық өлеңдерін жүйелеу мәселелері [Мәтін] // Қазақ ССР ҒА хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. – 1982. – №2. – 37-б.
- 11 **Гордлевский, В.** Из наблюдений над турецкой песнею [Мәтін] // «Этнографическое обозрение», 1908. – Кн. 79. – №4. – 72 с.
- 12 **Радлов, В.** Образцы народной литературы. Том III [Текст] // Санкт-Петербург, 1870. – 22–23 с.
- 13 **Hewitt, J. N. B.** Iroquoian cosmology [Text]. – 21th Annual Report of the Bureau of American Ethnology to the Secretary of the Smithsonian Institution, 1903. – P. 127–360.
- 14 **Tashekova, A. T., Zhussipov, N. K.** The role of Bekmurat Uakhatov in revealing the artistic nature of folk songs // Bulletin of the Karaganda University. «Philology» series. – No 3(111). – 2023. – ISSN 2518-198X (Print). ISSN 2663-5127 (Online). – 147 p. – 114–120 p.
- 15 **Shakhzhanova, G. K., Zhussupov, N. K., Baratova, M. N.** Management of teachers' creative activity development // Academic Journal of Interdisciplinary Studies. Том 10. – Выпуск 3. – С. 188–197. – ISSN 22813993. – <https://doi.org/10.36941/AJIS-2021-0075>.

References

- 1 **Aueзов, М.** Uakyt zhane adebiet [Time and literature] [Text]. – Алматы : «Qazaqtyn memlekettik korkem adebiet» baspasy, 1962. – 243 p.
- 2 **Aueзов, М.** Adebiet tarixy [Literary history] [Text]. – Алматы : Ana tili, 1991. – 240 p.
- 3 **Bogatyrev, P.** Russkoe narodnoe poeticheskoe tvorchestvo [Russian folk poetic creativity] [Text]. – Moscow : Uchpedgiz, 1954. – 536 p.
- 4 **Bertel's, E.** Istoriya persidsko-tadzhikskoj literatury [History of Persian-Tajik literature] [Text]. – Moscow : Izdatel'stvo vostochnoj literatury, 1960. – 554 p.

5 **Sejfullin, S.** Shygarmalar. VI tom. [Works. Volume IV] [Text]. – Almaty, 1964. – 263 p.

6 **Sobolevskij, A.** Velikorusskie narodnye pesni [Great Russian folk songs] [Text]. – Sankt-Piterburg, 1895. – 658 p.

7 **Zhirmunskij, V., Zarifov, X.** Uzbekskij narodnyj geroicheskiy epos [Uzbek folk heroic epic] [Text]. – Moscow : Izdatel'stvo OGIIZ, 1947. – 438 p.

8 **Uakhatov, B.** Kazak dasturli halyk olenderi zhane onyn kazirgi damu zhajy [Traditional Kazakh folk poems and their current development] [Text]. – Kazaktyn kazirgi halyk poeziyasy. – Almaty, 1973. – 109–121 p.

9 **Uakhatov, B.** Ortalyk gylymi kitaphana kolzhazba kory [Central scientific library manuscript fund] [Text] // 144 papka, 8-dapter.

10 **Uakhatov, B.** Khalyk olenderin zhujeleu maseleleri [Problems of systematization of folk poems] [Text] // Kazak SSR GA khabarlary. Til, adebiet seriyasy. – 1982. – №2. – 37 p.

11 **Gordlevskij, V.** Iz nablyudenij nad tureczkoj pesneyu [Observations on Turkish singing] [Text] // «Etnograficheskoe obozrenie», 1908. – Kn. 79. – №4. – 72 p.

12 **Radlov, V.** Obrazcy narodnoj literatury. Tom III. [Samples of folk literature. Volume III] [Text]. – St. Petersburg, 1870. – 22–23 p.

13 **Hewitt, J. N. B.** Iroquoian cosmology [Text]. – 21th Annual Report of the Bureau of American Ethnology to the Secretary of the Smithsonian Institution, 1903. – P. 127–360.

14 **Tashekova, A. T., Zhussipov, N. K.** The role of Bekmurat Uakhatov in revealing the artistic nature of folk songs [Text] // Bulletin of the Karaganda University. «Philology» series. – No 3(111). – 2023. – ISSN 2518-198X (Print). ISSN 2663-5127 (Online). – 147 p. – 114–120 p.

15 **Shakhazhanova, G. K., Zhussupov, N. K., Baratova, M. N.** Management of teachers' creative activity development [Text] // Academic Journal of Interdisciplinary Studies. – Volume 10. – Issue 3. – P.188 – 197. – ISSN 22813993. – <https://doi.org/10.36941/AJIS-2021-0075>.

19.04.24 ж. баспаға түсті.

26.04.24 ж. түзетулерімен түсті.

03.06.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

**А. Т. Ташекова*

Торайғыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар

Поступило в редакцию 19.04.24.

Поступило с исправлениями 26.04.24.

Принято в печать 03.06.24.

ОСОБЕННОСТЬ СТИХОТВОРЕНИЙ, СОЗДАННЫХ НА ОСНОВЕ ВЕРЫ И УБЕЖДЕНИЯ, В ФОЛЬКЛОРИСТИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЯХ БЕКМУРАТА УАХАТОВА

В данной статье рассматривается вопрос о работе фольклориста-ученого Бекмурата Уахатова над видом народных стихотворений – религиозными песнями, который глубоко и всесторонне изучен в научном смысле на литературно-этнографической, типологической основе.

Рассмотрены и проанализированы особенности работы ученого на первых этапах появления, распространения и классификации народных стихотворений, связанных с верованиями, которые стали произноситься в устах людей как прекрасный пример ценностей нашего народа.

В то же время высоко оценивается работа Бекмурата Уахатова по определению функциональных, тематических и художественных особенностей народных стихотворений.

С новой точки зрения сравниваются стихотворения других народов, определяются сходства, выявляются типологические различия, выявляются идейно-художественные особенности.

Песни верования – один из фольклорно-поэтических миров, зародившийся в древности за пределами исламской религии и дошедший до нашего времени со многими изменениями и художественными явлениями. В качестве объекта исследования взята работа исследователя по определению основного мотива песен в вере, устойчивой позиции заключения, тематико-жанровой природы народной идеи.

Обращается внимание на близость по содержанию, способам подачи сюжетов с новыми идеями, форме появления, типам речи и особенностям языкового строя.

Сборник народных стихотворений разделен на категории, признается характер деления стихотворений по их внутреннему смыслу.

Ключевые слова: Бекмурат Уахатов, народные стихотворения, песни-верования, типология, устная литература, рифма, поэтика, жанровая характеристика.

**A. T. Tashkova*

Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Received 19.04.24.

Received in revised form 26.04.24.

Accepted for publication 03.06.24.

THE NATURE OF POEMS CREATED ON THE BASIS OF FAITH AND BELIEF IN THE FOLKLORE STUDIES OF BEKMURAT UAKHATOV

This article examines the issue of the work of folklorist-scientist Bekmurat Uakhatov on the type of folk poems – religious songs, which has been deeply and comprehensively studied in a scientific sense on a literary, ethnographic, typological basis.

The features of the scientist's work in the first stages of the emergence, dissemination and classification of folk poems associated with beliefs, which began to be pronounced in the mouths of the country as an excellent example of the values of our people, are examined and analyzed.

At the same time, the work of Bekmurat Uakhatov in determining the functional, thematic and artistic features of folk poems is highly appreciated.

From a new point of view, poems of other peoples are compared, similarities with typological differences are determined, and ideological and artistic features are revealed.

Songs of belief are one of the folklore and poetic worlds that originated in ancient times outside the Islamic religion and have reached our time with many changes and artistic phenomena. The object of the study is the researcher's work to determine the main motive of songs in faith, the stable position of the conclusion, the thematic and genre nature of the folk idea.

Attention is drawn to the similarity in content, methods of presenting stories with new ideas, form of appearance, types of speech and features of the linguistic structure.

The collection of folk poems is divided into categories, the nature of the division of poems according to their internal meaning is recognized.

Keywords: Bekmurat Uakhatov, folk poems, song-beliefs, typology, oral literature, rhyme, poetics, genre characteristics.

Теруге 03.06.2024 ж. жіберілді. Басуға 28.06.2024 ж. қол қойылды.

Электронды басылым

2,57 МБ RAM

Шартты баспа табағы 27,16. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: З. Ж. Шокубаева

Корректор: А. Р. Омарова, Нугманова М. М.

Тапсырыс № 4242

Сдано в набор 03.06.2024 г. Подписано в печать 28.06.2024 г.

Электронное издание

2,57 МБ RAM

Усл. печ. л. 27,16. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: З. Ж. Шокубаева

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Заказ № 4242

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz